2020-2021 жыл қыркүйек айы кіші топ
Өтпелі тақырып: «БАЛАБАҚША»

Мақсаты: мектеп жасына дейінгібалалардың жас ерекшеліктері мен жеке мүмкіндіктеріне сәйкес білім, білік, дағдыларын қалыптастыру. Рухани-адамгершілік құндылықтарына баулу.

Міндеттері:

- Денсаулық сақтау технологиялары негізінде балалардың қозғалыс белсенділіктерін дамыту;
- Инновациялық әдістер мен технологияларды қолдана отырып, әлеуметте қарым-қатынас жасау үшін тілді игеру және коммуникативтік дағдыларын дамыту;
- Интеллектуалдық қабілеттерін, логикалық ойлауын және қоршаған ортаның біртұтастығы туралы білімдерін жетілдіру;
- Шығармашылық қабілеттерін және эстетикалық талғамдарын дамыту;
- Қоршаған ортаға жағымды мінез-құлық пен қарым-қатынас дағдыларына баулу

Тақырыпша	**Денсаулық-3** Дене шынықтыру -3	**Қатынас-1** Сөйлеуді дамыту-0,5 Көркем әдебиет-0,5	**Таным-2** Сенсорика-0,5 Жаратылыстыну-1 Құрастыру-0,5	**Шығармашылық -3** Сурет салу -1 Музыка-1,5 Мүсіндеу -0,25 Аппликация-0,25	**Әлеумет-0**
1- апта **«Менің балабақшам»**	**Дене шынықтыру (негізгі қимылдар)** 1. Сапта бір –бірлеп, бірінің артынан бірі жүру 2. Сапта бір –бірлеп, бірінің артынан бірі жүгіру **Қимылды ойын:** «Балабақша сарбаздары» **Дене шынықтыру (негізгі қимылдар)** 1.Сапта бір –бірлеп,	**Сөйлеуді дамыту** **Тақырыбы: «Балабақшаға саяхат»** **Мақсаты:** балабақша қызметкерлерімен және жұмыс орындарымен таныстыру арқылы сөздік қорын кеңейту. Балабақша қызметкерлерімен сыпайы қарым-қатынас жасауға баулу. **Дидактикалық ойын:** «Кім не істейді?» **Көркем әдебиет** **Тақырыбы:** Е.Ашықбаевтың «Балабақша» өлеңі	**Қарапайым математикалық - ұғымдарды қалыптастыру** **Тақырыбы:** «Бір» және «көп» ұғымдары **Мақсаты:** «Көп» және «біреу» ұғымдарын қалыптастыру, біртекті заттардан топтар құрастыру және олардың біреуін бөліп көрсетуге үйрету. **Дидактикалық ойын:** «Қайсысы көп?» **Жаратылыстану** **Тақырыбы:** «Бөлме	**Сурет салу** **Тақырыбы:** « Балабақша шарбақтары» **Мақсаты:** бірнеше көлденең және тік сызықтардан сурет салу дағдыларын қалыптастыру. **Дидактикалық ойын:** «Балабақшаға шарбақ жасаймыз» **Музыка** **Тақырыбы:** «Біздің балабақша» **Мақсаты:** Әннің	

	бірінің артынан бірі жүру 2.2-3 м қашықтықта алға жылжи отырып, қос аяқтап секіру **Қимылды ойын: «Топ чемпиондары»** **Дене шынықтыру (негізгі қимылдар)** 1.Сапта бір –бірлеп, бірінің артынан бірі жүгіру 2.Арақашықтығы 4 м тура бағытта еңбектеу **Қимылды ойын: «Мені қуып жете аласың ба?»**	**Мақсаты:** Балабақша туралы түсініктерін кеңейту, өлеңнін мазмұнын түсінуге, тыңдауға бейнелі сөздерді есте сақтауға, үйрету. **Дидактикалық ойын:** «Қай бөлменің жиһазы»	гүлдері» **Мақсаты:**Балалардың бөлме гүлдері туралы түсініктерін кеңейту. Бөлме гүлдерін өсіруге қызығушылықтарын ояту. Байқампаздық қабілеті мен білуге деген құштарлығын дамыту. Бөлме гүлдеріне қамқор болуға үйрету. **Дидактикалық ойын:«Досыма гүл сыйлаймын»** **Құрастыру** **Тақырыбы:** «Біздің орындық» **Мақсаты:** құрылыс материал түрлерімен таныстыру. Ірі және ұсақ құрылыс бөлшектерінен құрастыруға үйрету. Ұсақ қол моторикасын дамыту. **Дидактикалық ойын:«Топ жиһаздарын атайық»**	мазмұны мен көңіл-күйін қабылдау. Сүйікті балабақшасы туралы ән айтуға үйрету. **Ән тыңдау:** «Балабақша бағында» **Ән айту:** «Балабақша» **Әуенді-ырғақты қимылдар:** «Көңілді би» **Музыка** **Тақырыбы:** «Біздің балабақша» **Мақсаты:** Әннің мазмұны мен көңіл-күйін қабылдау. Сүйікті балабақшасы туралы ән айтуға үйрету, ойын-қимыл арқылы ырғақты сезіндіру. **Ән тыңдау:** «Балабақша бағында» **Ән айту:** «Балабақша» **Әуенді-ырғақты қимылдар:** «Көңілді би»	
2- апта «Менің достарым»	**Дене шынықтыру (негізгі қимылдар)** 1.Арақашықтығы 4 м тура бағытта еңбектеу 2. 1,5м арақашықтықта бір-біріне қарама-қарсы отырып, аяқты алшақ ұстаған қалпында допты бір-біріне домалату	**Сөйлеуді дамыту** **Тақырыбы:** «Досым екеуміз» өлеңі Қадір Мырза Әлі Мақсаты: Өлеңді жаттау дағдыларын қалыптастыру. Достық туралы түсінік беру, ересектердің сөзін зейін қойып тыңдауға және түсінуге үйрету.	**Қарапайым математикалық - ұғымдарды қалыптастыру** **Тақырыбы: «Жеке заттар»** Мақсаты: Жекелеген заттардан топ құрауға, топтан жеке затты бөліп алуғаүйрету. «Бір» және	**Сурет салу** **Тақырыбы:** «Жәмиләнің әдемі көйлегі» **Мақсаты:** Балалардың бейнелеу әрекетіне деген қызығушылықтарын ояту, дәстүрден тыс сурет салу дағдыларын жетілдіру. Саусақпен	

	Қимылды ойын: «Досыңа қарай домалат» **Дене шынықтыру (Негізгі қимылдар)** 1. 1,5м арақашықтықта бір-біріне қарама-қарсы отырып, аяқты алшақ ұстаған қалпында допты домалату 2.Тепе-теңдікті сақтай отырып, бір-бірінен 10 см қашықтықта орналасқан тақтай бойымен жүру **Қимылды ойын:** «Допты кім бірінші ұстайды?» **Дене шынықтыру (Негізгі қимылдар)** 1.Тепе-теңдікті сақтай отырып, бір-бірінен 10 см қашықтықта орналасқан тақтай бойымен жүру 2. Сапқа бір-бірден қайта тұру **Қимылды ойын:** «Орныңды тап»	**Дидактикалық ойын:** «Досыма тілек»	«көп» ұғымдарын бекіту. **Дидактикалық ойын:«Досыңмен бөліс»** **Жаратылыстану** **Тақырыбы:** «Күзгі гүлдер» **Мақсаты:** Гүлдің құрылысы жайлы түсінік қалыптастыру. Байқампаздық қабілеттері мен зейіндерін дамыту. Табиғатты аялай білуге үйрету **Дидактикалық ойын:**«Гүл сыйлаймын» **Құрастыру** **Тақырыбы:** «Достарымызға жол салайық» **Мақсаты:** Пластиналарды тік бағытта және көлденең орналастыру тәсілдері арқылы тар және кең жолдар құрастыру дағдыларын қалыптастыру. Қарапайым құрылыстар құрастыруға қызығушылықтарын арттыру. **Дидактикалық ойын:**«Қонаққа қай жолмен барамыз?»	дақтар салу арқылы бояуларды ретімен қолдана білуге үйрету. **Дидактикалық ойын: «Қуыршақтың көйлегін әшекейлейік»** **Музыка** **Тақырыбы:** «Менің достарым» **Мақсаты:** Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл – күйін қабылдауға үйрету. Балаларды достыққа татулыққа шақыру. **Ән тыңдау:** «Песенка друзей» В.Герчик **Ән айту:** «Достық» Л.З.Айтова (Үш тілдегі әндер» жинағынан) **Әуенді-ырғақты қимыл, ойын:** «Достастық» Р.Рустамов **Музыка** **Тақырыбы:** «Менің достарым» **Мақсаты:** Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл – күйін қабылдауға үйрету. Балаларды достыққа татулыққа шақыру. **Ән тыңдау:** «Песенка друзей» В.Герчик	

				Ән айту: «Достық» Л.З.Айтова (Үш тілдегі әндер» жинағынан) **Әуенді-ырғақты қимыл, ойын:** «Достастық» Р.Рустамов	
«Менің сүйікті ойыншықтарым» **3 апта**	**Дене шынықтыру (Негізгі қимылдар)** 1. Сапқа бір-бірден қайта тұру 2. Аралықты сақтай отырып, тізені жоғары көтеріп жүру. **Қимылды ойын:** «Қонжыққа кім тез жетеді?» **Дене шынықтыру (Негізгі қимылдар)** 1 . Аралықты сақтай отырып, тізені жоғары көтеріп жүру. 2. Қол мен аяқ қимылын үйлестіре отырып аяқтың ұшымен жүгіру. **Қимылды ойын:** «Біздер де бар қуыршақ» **Дене шынықтыру (Негізгі қимылдар)** 1. Қол мен аяқ қимылын үйлестіре отырып аяқтың ұшымен жүгіру. 2. Қос аяқтап басты	**Сөйлеуді дамыту** **Тақырыбы:** «Менің сүйікті ойыншығым» әңгімелеу (шығармашылық тілді дамыту) **Мақсаты:** Сөздік қорларын сөздік ойындар мен жаттығулар арқылы кеңейту. Балалардың сөйлеу тілін заттардың қасиеті мен сапасын білдіретін сөздермен байыту, ойыншықтардың атын атай отырып, сипаттай білуге үйрету. **Дидактикалықойын**: «Сынған ойыншықтарды жөндейік » **Көркем әдебиет** **Тақырыбы:** С.Маршак «Доп» өлеңі **Мақсаты:** Ойыншықтарды ұқыпты ұстауға үйрете отырып, өлеңді есте сақтап, мәнерлеп айтуға үйрету. **Үстел-үсті ойыны:**«Көңілді көліктер»	**Қарапайым математикалық - ұғымдарды қалыптастыру** **Тақырыбы:** «Үйшік» **Мақсаты:** балаларды геометриялық пішіндерді тануға және атауға үйрету. Геометриялық пішіндер: шеңбер және шаршы, үшбұрышпен таныстыру. Олардың пішінін қолмен ұстап көру арқылы зерттеуге үйрету. **Дидактикалықойын:** «Үш аюдың үйшігі» **Жаратылыстану** **Тақырыбы:** «Жеміс толы себет» **Мақсаты:**Жемістің бірнеше түрлері жайлы түсініктерін жүйелендіру; оларды өсіру тәсілдері туралы түсініктерін кеңейту. Есте сақтау, зейін қою, ойлау қабілетін дамыту. Қарапайым зерттеу жұмыстарымен айналысу қабілеттерін қалыптастыру. **Дидактикалық ойын:**«Қуыршақты тамақтандырайық»	**Сурет салу** **Тақырыбы:** «Түрлі - түсті доптар» **Мақсаты:** Дөңгелек заттарды салуға үйрету. Түрлі бағыттағы түзу сызықтарды, олардың қиылысуын жүргізе білу және нүктелер арқылы бейнелеу дағдыларын арттыру. **Дидактикалықойын:** «Жасырынған қонжық» **Музыка** **Тақырыбы:** «Менің сүйікті ойыншықтарым» **Мақсаты:** Ойыншықты ұқыпты ұстауға, оларды әнге қосып айтуға үйрету. Музыкалық есту қабілеттерін арттыру **Ән тыңдау:** «Қуыршағым» Ғ.Дауылбаева **Ән айту:** «Достық» Л.З.Айтова (Үш тілдегі әндер» жинағынан) **Әуенді-ырғақты қимыл, ойын:**	

	затқа тигізе отырып жоғарыға қарай секіру. **Қимылды ойын:** «Ұшақтар»			«Сылдырмақпен серуен» **Мүсіндеу** **Тақырыбы:** «Қуыршаққа дәмді тоқаш береміз» (заттық мүсіндеу) **Мақсаты:** Ермексаздың қасиеттерімен таныстыру , дағдыларын жетілдіру. Домалату, есу, әдістері арқылы тағамдарды мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру. **Кинетикалық құммен жұмыс**: «Балабақшадағы тәтті тоқаш»	
4 – апта «Жиһаздар»	**Дене шынықтыру (Негізгі қимылдар)** **1.** Екі аяқтап басты затқа тигізе отырып жоғарыға қарай секіру. 2.Аяқты алшақ ұстаған қалыпта допты 1.5 м қашықтыққа домалату **Қимылды ойын:** «Орындыққа кім жылдам жетеді?»	**Сөйлеуді дамыту** **Тақырыбы:** «Диаска арналған диван» (шығармашылық тілді дамыту) **Мақсаты**: Ересектемен әңгімелесу кезінде берілген сұрақтарды тыңдау және түсіне білу дағдыларын жетілдіру. Сөздік қорларын молайту. Балабақшаға қажетті жиһаздардың жекебөліктерін сөзбен дұрыс атап айтуға үйрету. **«Жиһаздарды құрастыр»** қиынды суреттермен жұмыс	**Қарапайым математикалық - ұғымдарды қалыптастыру** **Тақырыбы:** «Қоянға қонаққа барамыз» **Мақсаты:** шама бойынша заттардың әртүрлі болатыны туралы түсінік беру. Заттарды көлеміне, пішініне байланысты орналастыра білуге үйрету. **Дидактикалық ойын:** «Жиһаздың орнын тап»	**Сурет салу** **Тақырыбы:** «Ойыншыққа арналған сөре» (заттық сурет) **Мақсаты:**Бірнеше көлденең және тік сызықтардан заттарды салу дағдыларын қалыптастыру **Дидактикалық ойын:** «Сандықшаны әсемдейік» **Музыка** **Тақырыбы**: «Музыкалық қобдиша» **Мақсаты:** Музыканың	

	Дене шынықтыру (Негізгі қимылдар) 1.Аяқты алшақ ұстаған қалыпта допты 1.5 м қашықтыққа домалату 2.4 м арақашықтықта заттардың арасымен жыланша еңбектеу **Қимылды ойын:** «Кім жылдам?» **Дене шынықтыру (Негізгі қимылдар)** 1. 4 м арақашықтықта заттардың арасымен жыланша еңбектеу 2.Биіктігі 20 см еніс тақтай бойымен жүру **Қимылды ойын:** «Өз үйіңді тап»		**Жаратылыстану** **Тақырыбы:** «Ағаштар» **Мақсаты:**. Ағаштардың 2-3 түрін тану және атауын атауға үйрету. Туған өлкенің өсімдіктер әлемін қорғауға деген құлшыныстарын арттыру, ағаштардан жасалатын бұйымдар туралы түсініктерін молайту **Дидактикалық ойын:**«Ағаштан не жасалады?»	көңіл-күйін ажыратуға, сипатына қимылмен жауап беруге, әннің сөздерін анық, нақты түсініп айтуға үйрету. **Ән тыңдау:** «Көңілді, көңілсіз» Л.В.Бетховен **Ән айту:** «Доп» Б.Жұмабекова **Әуенді-ырғақты қимылды ойын:** «Музыкалық қобдиша» **Аппликация** **Тақырыбы:** «Досыма кесе сыйлаймын» **Мақсаты:** үлгіге қарап дайын пішіндерді қою арқылы заттың бейнесін жасауға үйрету. Желімді қылқаламға ұқыпты жағу дағдыларын дамыту. **Дидактикалық ойын:** «Қиындыдан құрастыр»	

Кіші топ қазан айы 2020-2021 жыл
Өтпелі тақырып «Менің отбасым»

Мақсаты: балалардың отбасы туралы түсініктерін қалыптастыра отырып, отбасы мүшелерін атап, олар туралы айтуға және жақсы көруге үйрету; туыстық байланыс туралы түсініктерін дамыту.

Міндеттері:

- Отбасында мәдени-гигиеналық дағдыларын сақтауға баули отырып, ата-аналармен бірге балалар денсаулығын нығайтуға ықпал ету;
- Отбасы мүшелерімен тығыз байланыс жасау негізінде балалардың сөздік қорларын одан әрі дамытуға жағдай жасау;
- Отбасылық серуендерге, саяхаттарға шығу барысында балалардың табиғатта, қоршаған ортада өзін ұстай білу дағдыларын , қоршаған әлемге қызығушылығы мен қамқорлық қасиеттерін қалыптастыруға ықпал жасау;
- Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытуда ата-аналармен бірлескен шараларды жетілдіру

Тақырыпша	**Денсаулық-3** Дене шынықтыру -3	**Қатынас -1** Сөйлеуді дамыту-0,5 Көркем әдебиет-0,5	**Таным-2** Сенсорика-0,5 Құрастыру-0,5 Жаратылыстыну-1	**Шығармашылық-3** Сурет салу -1 Музыка-1,5 Мүсіндеу -0,25 Аппликация-0,25	**Әлеумет**
1-апта «Менің отбасым, ата – аналар еңбегі»	**1.Дене шынықтыру (негізгі қимылдар)** 1 Биіктігі 20 см еніс тақтай бойымен жүру; 2.Шеңберге кішігірім топтармен тұру (тәрбиешінің көмегімен); **Қимылды ойын:** «Сәбізді себетке тез жинайық» **2. Дене шынықтыру (негізгі қимылдар)** 1..Шеңберге кішігірім топтармен тұру; 2.Бағытты өзгертіп жүру; **Қимылды ойын:** «Арбакеш атайға	**Сөйлеуді дамыту** **Тақырыбы:** «Аңсардың жанұясы» (суретке қарап әңгімелеу) **Мақсаты:** Кейіпкерлерді сипаттау үшін дауыс ырғағының мәнерлі қарапайым тәсілдерін қолдану. Отбасы туралы түсініктерін кеңейту, тақырыпқа сәйкес шығармадағы кейіпкерлерді ойнағанда олардың мінездерін бере білуге үйрету. **Дидактикалық ойын** «Сөйлемді аяқта» (Атамның ...тақиясы, қамшысы . Әжемнің тәтті .... бауырсағы)	**ҚМҰҚ** **Тақырыбы:**«Егістікте» **Мақсаты:** Заттардың көлеміне байланысты (үлкен – кіші, көп – аз) математикалық ұғымдарын кеңейту. Бір затты екіншісіне беттестіру, жанына қойып тұстастыру арқылы салыстыруға үйрету. **Дидактикалық ойын:** «Анамыздың себетін толтырайық» **Жаратылыстану** **Тақырыбы:** «Ғажайып қап» **Мақсаты:** Балаларға заттардың бірі адамдардың қолымен, бірі табиғаттың күшімен жасалғанын түсіндіру. Қарапайым тәжірибелік-зерттеу жүргізе білу	**Сурет салу** **Тақырыбы:** «Жіп шумақтары» **Мақсаты:** Дөңгелектердің суретін салуды үйрету, тоқыма өнері туралы түсінік беру. **Дидактикалық ойын:** «Әжейге қалпақ тоқуға көмектесейік» **Музыка** Тақырыбы : «Отбасы» **Мақсаты:** Отбасы жылулығын сезіндіру. Ата-анасына,бауырларына арнап ән үйрету. **Ән тыңдау:** «Келші,келші балашым» Е Хасанғалиев	

	көмектесейік» **3. Дене шынықтыру** 1. Бағытты өзгертіп жүру; 2.Шеңбер бойлап жүгіру; **Қимылды ойын:** «Әжемнің жіп шумақтарын жинайық»	**Көркем әдебиет** **Тақырыбы:** Қ.Күзембай «Осындай менің отбасым» өлеңі **Мақсаты:** Шағын өлеңдерді жатқа айтуға үйрету. Өз туыстарына деген адамгершілік қарым – қатынасқа тәрбиелеу. Шығармаларды сахналауға қатысуға ықыластарын арттыру. **Дидактикалық ойын:** «Отбасында кім неге жауапты?»	қабілеттерін қалыптастыру. Зерттеушілік мінез-құлық, қоршаған ортадағы заттарға күтім жасау дағдыларын жетілдіру **Зерттеу жұмысын жүргізу** **Құрастыру** **Тақырыбы:** «Биік шарбақтар» **Мақсаты:** Қарапайым құрастыру дағдыларын қалыптастыра отырып, әртүрлі түстер мен пішіндерден шарбақ құрастыруға үйрету. Ұқыптылыққа тәрбиелеу. Ұсақ қол моторикаларын дамыту. **Кьюзинер таяқшалармен жұмыс:** «Түрлі – түсті шарбақтар»	**Ән айту:** «Менің отбасым» Л.З.Аитова («Үш тілдегі әндер» жинағынан) **Әуенді ырғақты-қимылды ойын:** «Бәсең және көтеріңкі» Е.Хасанғалиев **Музыка** Тақырыбы : «Отбасы» **Мақсаты:** Отбасы жылулығын сезіндіру. Ата-анасына,бауырларына арнап ән үйрету. **Ән тыңдау:** «Келші,келші балашым» Е Хасанғалиев **Ән айту:** «Менің отбасым» Л.З.Аитова («Үш тілдегі әндер» жинағынан) **Әуенді ырғақты-қимыл, ойын:**«Бәсең және көтеріңкі» Е.Хасанғалиев	
2- апта «Менің көшем»	**1.Дене шынықтыру** 1. Шеңбер бойлап жүгіру; 2. Допты қақпадан асыра лақтыру **Қимылды ойын:** «Көшедегі көліктер» **2.Дене шынықтыру (негізгі қимылдар)** 1. Допты қақпадан	**Сөйлеуді дамыту** **Тақырыбы:** «Бағдаршам» өлеңі Әдібай Табылдиев **Мақсаты:** Артикуляциялық аппаратын дамыту. Ересектердің берген сұрақтарын тыңдап, түсіне білуін, өлеңнің мазмұнын түсінуін жетілдіру, өлеңді	**ҚМҰҚ** **Тақырыбы:** «Пішіндер» **Мақсаты:** Балаларды геометриялық пішіндерді тануға және атауға үйрету. Көру арқылы пішін түрлерін ажыратуға қалыптастыру. **Дидактикалық ойын:** «Шарбақтарды салыстыр»	**Сурет салу** **Тақырыбы:** «Қала жолдары» **Мақсаты:** Өздерінің көргендерін бейнелеу барысында сызықтарды дұрыс бағытта сызуға жаттықтыру. Қағаз бетіне бейнені дұрыс орналастыра білуге	

	асыра лақтыру 2. 3 м қашықтыққа қос аяқтап секіріп бару **Қимылды ойын:** «Көшедегі кедергілер» **3.Дене шынықтыру (негізгі қимылдар)** 1. 3 м қашықтыққа қос аяқтап секіріп бару 2. Екі қолмен жоғары бастан асыра лақтыру **Қимылды ойын:** «Автомобиль мен торғайлар»	жаттауға үйрету **Дидактикалық ойын:** «Бағдаршам не дейді?»	**Жаратылыстану** **Тақырыбы:** «Күз сыйы» **Мақсаты:**көкөністер мен жемістер туралы түсініктерін кеңейту, көкөністер мен жемістерді топтастыру.Табиғаттағы қарапайым өзгерістерді байқай білуге ынталандыру, қоршаған ортаға қызығушылықтарын ояту. **Дидактикалық ойын:**«Көкөністер таситын мәшине» **Құрастыру** **Тақырыбы:** «Көшедегі ағаштар» **Мақсаты:** Қағазды бүктеу, шиыршықтау әдісі арқылы күзгі ағаштарды үлгі бойынша құрастыруға үйрету. Күз мезгілінің табиғи құбылыстарымен таныстыру. Шығармашылыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. **Дидактикалық ойын:** «Қай ағаштың жапырағы?»	үйрету. **Дидактикалық ойын:** «Бағдаршам» **Музыка** **Тақырыбы:** «Менің көшем» **Мақсаты:** Музыканы тыңдау ынтасын дамыту. Әнді бірге бастап, бірге аяқтап хормен айтуға үйрету. Қарапайым би элементтерін еркін орындауға үйрету **Ән тыңдау**: «Светофор-бағдаршам» Ғ.Тамендаров **Ән айту:** «Күз» А.Алпысбаев **Әуенді ырғақты қимыл, ойын:** «Жапырақтармен би» **Музыка** **Тақырыбы: «Менің көшем»** **Мақсаты:** Музыканы тыңдау ынтасын дамыту. Әнді бірге бастап, бірге аяқтап хормен айтуға үйрету. Қарапайым би элементтерін еркін орындауға үйрету **Ән тыңдау**: «Светофор-бағдаршам» Ғ.Тамендаров **Ән айту:** «Күз» А.Алпысбаев **Әуенді ырғақты қимыл, ойын:** «Жапырақтармен би»	

3 - апта «Үйдегі және көшедегі қауіпсіздік»	**1.Дене шынықтыру (негізгі қимылдар)** 1. Екі қолмен жоғары бастан асыра допты лақтыру 2. Допты қағып алуға қалыптастыру **Қимылды ойын:** «От пен су» **2.Дене шынықтыру (негізгі қимылдар)** 1. Допты қағып алуға қалыптастыру 2 Заттар арасымен еңбектеу **Қимылды ойын:** «Мерген футболшы » **3.Дене шынықтыру (негізгі қимылдар)** 1. Заттар арасымен еңбектеу 2. Көлденең нысанаға допты лақтыру **Қимылды ойын:** «Жолдан абайлап өтейік»	**Сөйлеуді дамыту** **Тақырыбы:** «Айсұлу адасып кетті» (тілдің дыбысталу мәдениеті) **Мақсаты:** Дыбыстардың дұрыс айтылу артикуляцияларын игеруді камтамасыз ету. Сөздерге қызығушылықтарын арттыру, зейінін жетілдіру, сөздік қорын молайту. **Сюжетті-рөлді ойын:** «Абай бол, балақай» **Көркем әдебиет** **Тақырыбы:** Ә.Табылдиевтың «Машина» өлеңі **Мақсаты:** Үзіндіні жатқа айтуға дағдыландыру. Шығарманың мағынасын түсініп, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Қауіпсіздік ережелері туралы түсініктерін кеңейту. **Дидактикалық ойын** «Көшеден қалай өтеміз?»	**Қарапайым математикалық - ұғымдарды қалыптастыру** **Тақырыбы:** «Жол белгілері» **Мақсаты:** «Бір – бірден», «бір де біреуі жоқ» ұғымдары туралы түсінік қалыптастыру, заттарды бір қатарға реті бойынша бір бағытта солдан оңға қарай оң қолымен орналастыруды бекіту. **Дидактикалық ойын:** «Орнына қой» **Жаратылыстану** **Тақырыбы:** « Үй жануарлары» **Мақсаты:** Балалардың үй жануарлары, оларға күтім жасау туралы түсінігін байыту. Жаңды табиғатқа деген қызығушылығын дамыту. Жануарларға қамқорлық жасау, оларға мейірімді болуға тәрбиелеу. **Дидактикалық ойын:** «Болады, болмайды»	**Сурет салу** **Тақырыбы:** «Машина» **Мақсаты:** Геометриялық пішіндер(тіктөртбұрыш, дөңгелектер) арқылы ойыншық машинаның суретін салуды үйрету. Тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. **Дидактикалық ойын:** «Тұрағын тап» **Музыка** **Тақырыбы:** «Бағдаршам» **Мақсаты:** Балаларға көшеде жүру ережесі, қауіпсіздік туралы мағлұмат беру. Қарапайым би элементтерін еркін орындауға үйрету **Ән тыңдау**: «Светофор-бағдаршам» Ғ.Тамендаров **Ән айту:** «Күз» А.Алпысбаев **Әуенді ырғақты -қимыл ойындар:** «Жапырақтармен би» **Мүсіндеу** **Тақырыбы:** «Таба нан» (заттық мүсіндеу) **Мақсаты:** Домалатылған пішінді екі алақанның арасына салып, жалпақтау тәсілін пайдалана отырып, нанды мүсіндеуді үйрету. **Дидактикалық ойын:** «Анам пісірген тоқаштар»	

– апта «Алтын күз»	**1. Дене шынықтыру (негізгі қимылдар)** **1.** .Заттар арасымен еңбектеу 2.Тұрған жерінен ұзындыққа секіру **Қимылды ойын:** «Көкөністер жинайық» **2. Дене шынықтыру (негізгі қимылдар)** **1.** Тұрған жерінен ұзындыққа секіру 2. Көлденең нысанаға допты лақтыру **Қимылды ойын:** «Себетті толтыр» **3.«Күзгі өнімдерді бірге жинайық»- эстафета**	**Сөйлеуді дамыту** **Тақырыбы:** «Шалқан» ертегісі **Мақсаты:** Ертегіні тыңдауға, ойнауға ынталандыру. Қойылған сұрақты тыңдап, дұрыс жауап беруге дағдыландыру. Кейіпкерлерді сипаттау үшін дауыс ырғағының мәнерлі қарапайым тәсілдерін қолдану. **Үстел-үсті ойыны:** «Дәм және иіс»	**Қарапайым математикалық - ұғымдарды қалыптастыру** **Тақырыбы:** «Күзгі ағаштар» **Мақсаты:** Жуан – жіңішке, биік – аласа, ұғымдарымен таныстыру, биіктігі мен қалыңдығы бойынша бірдей және қарама – қарсы заттарды салыстыруға үйрету. **Дидактикалық ойын:** «Суреттерді құрастыр» **Жаратылыстану** **Тақырыбы: «Міне, осындай күз!»** **Мақсаты:** Балалардың санасында күз маусымында жанды және жансыз табиғатта болатын алғашқы өзгерістер туралы түсінік қалыптастыру. Ауа райы жағдайын анықтау; бақылау қабілеттерін дамыту; қарапайым экологиялық мәдениет дағдыларын жетілдіру. **Дидактикалық ойын:** «Көреміз, ұстаймыз, сеземіз»	**Сурет салу** **Тақырыбы:** «Жемістер» **Мақсаты:** Жемістерді бейнелей білу дағдыларын жетілдіру. Сурет салу техникаларының бастапқы дағдыларын меңгерту. **Дидактикалық ойын** «Қай пішінге ұқсайды?» **Музыка** **Тақырыбы:** «Алтын күз» **Мақсаты:** Күз мезгілінің ерекшеліктерін ұғындыру. Музыканы тыңдата отырып ішкі сезімдерін ояту. **Ән тыңдау:** «Күз» Қ.Шілдебаев **Ән айту**: «Не әкелді күз бізге?» **Әуенді ырғақты-қимыл, ойын:** «Қолшатырға тығыламыз» Қимылды ойын **Аппликация** **Т:**«Күздің сыйы» **Мақсаты:** дайын пішіндерден заттардың бейнесін жасауға үйрету. Желімді қылқаламға ұқыпты жағып алу дағдыларын жетілдіру **Д/о** «Жеміс пе, көкөніспе?»	**Экология негіздері** **Тақырыбы:** «Жемістер мен көкөністер» **Мақсаты:** Көкөністер мен жемістер туралы қарапайым түсініктерін дамыту. Көкөністер мен жемістерді танып, атай білуге үйрету. **Дидактикалық ойын**: «Жемістер мен көкөністерді топтастыр»

Кіші топ қараша айы 2020-2021 жыл

Өтпелі тақырып «Дені саудың – жаны сау»

Мақсаты:Денсаулық сақтау технологиясын қолдана отырып,балалардың қимыл белсенділігін дамыту және дене жаттығуларын орындауға қызығушылықтарын қалыптастыру.

Міндеттері:

- Түрлі қимыл қозғалыстарын орындату арқылы денсаулықты нығайтуға ықпал ететін дене сапаларын (ептілік,төзімділік,икемділік) дамыту;
- Іс-әрекеттің түрлі нысандарында ауызекі сөйлеу дағдыларын, сөздік қорларын жетілдіру;
- Табиғатқа сүйіспеншілікке, қоршаған ортаға қамқорлық жасауға баулу, өнер туындыларына жағымды мінез-құлық қалыптастыру;
- Көз бен қол үйлесімділігін дамыту;
- Әлеуметтік мәдениет негіздерін қалыптастыру.

Тақырыпшалар	**Денсаулық** Дене шынықтыру -3	**Қатынас -1** Сөйлеуді дамыту-0,5 Көркем әдебиет-0,5	**Таным-2** Жаратылыстану-1 Құрастыру-0,5 Сенсорика-0,5	**Шығармашылық-3** Сурет салу -1 Музыка-1,5 Мүсіндеу -0,25 Аппликация-0,25	**Әлеумет-** 0
1-апта «Өзім туралы»	**1.Дене шынықтыру (негізгі қимылдар)** 1. Көлденең нысанаға допты лақтыру 2.Еденге қойылған тақтай бетімен еңбектеу **Қимылды ойын:** «Шымыр балақай» **2.Дене шынықтыру (негізгі қимылдар)** 1.Еденге қойылған тақтай бетімен еңбектеу 2. Еніс тақтай бойымен жүру **Қимылды ойын:** «Менептімін»	**Сөйлеуді дамыту** **Тақырыбы:** «Менің тұлғам» **Мақсаты:** Өзінің дене мүшелерін ажыратып, атауға, дене мүшелерінің атқаратын қызметтерін айтуға үйрету. Сөздерді жіктелуіне қарай байланыстыру дағдыларын жетілдіру ***Дидактикалық ойын:*** «Менің тазалық құралдарым» **Көркем әдебиет** **Тақырыбы:** Е.Өтетілеуұлының «Мен» өлеңі **Мақсаты:** Өлеңді мағыналы асықпай және дыбыстарды	**Қарапайым математикалық - ұғымдарды қалыптастыру** **Тақырыбы:** «Менің бір күнім» **Мақсаты:** Балаларға күн тәртібі арқылы уақыт туралы түсінік беру. Тәулік бөліктерін тану және атау «таңертең», «түс», «түн» ұғымдарын қолдану дағдыларын жетілдіру. **Дидактикалық ойын:** «Күн тәртібі» **Жаратылыстану** **Тақырыбы:** Сиқырлы су **Мақсаты:** Судың қасиеттері	**Сурет салу** **Тақырыбы:** «Моншақтарды тіземіз» **Мақсаты:** Дөңгелек пішінді заттарды салуды жетілдіру, бояуларды ретімен қолданып, негізгі түстерді ажырата білуге үйрету. **Дидактикалық ойын:**«Менің әшекейлерім» **Музыка** **Тақырыбы:** «Мен кішкентай баламын» **Мақсаты:** Музыканы тыңдап, сезініп, шаттана білуге, қуана білуге баулу. Ырғаққа ілесуге үйрету **Ән тыңдау:** «Мен тәртіпті	

	3.Дене шынықтыру (негізгі қимылдар) 1 Еніс тақтай бойымен жүру 2.Бөрене арасымен еңбектеу **Қимылды ойын:** «Мені қуып жет»	анық айтуға үйрету. Өз туыстарына деген адамгершілік қарым – қатынасқа тәрбиелеу. **Дидактикалық ойын:** «Мен өзімді мақтаймын...»	туралы қарапайым түсінік қалыптастыру. Танымдық белсенділіктерін дамыту. Табиғаттың сұлулығын көре білу және түсіну, сол сұлулықты сақтап қалуға деген ынталарын күшейту. **Дидактикалық ойын:** «Кірқоймастың достары» **Құрастыру** **Тақырыбы:** «Менің керуетім» **Мақсаты:** Құрылыс материалдарымен үлгіге қарап жұмыс жасай білу дағдыларын жетілдіру. Құрастыру барысында эстетикалық және көркемдік талғамын дамыту. **Дидактикалық ойын:** «Кім есінде көп сақтайды?»	баламын» А.Ақжігітов **Ән айту:** «Топ-топ балақан» М.Арынбаев **Әуенді ырғақты-қимыл, ойын:** «Көйлегін-ай, Сәуленің» Б.Дәлденбаев **Музыка** **Тақырыбы:** «Мен кішкентай баламын» **Мақсаты:** Музыканы тыңдап, сезініп, шаттана білуге, қуана білуге баулу. Ырғаққа ілесуге үйрету **Ән тыңдау**: «Мен тәртіпті баламын» А.Ақжігітов **Ән айту:** «Топ-топ балақан» М.Арынбаев **Әуенді ырғақты-қимыл, ойын:** «Көйлегін-ай, Сәуленің» Б.Дәлденбаев	
2- апта «Дұрыс тамақтану. Дәрумендер»	**1.Дене шынықтыру (негізгі қимылдар)** 1. Бөрене арасымен еңбектеу 2. Сапқа қайта тұру **Қимылды ойын:** «Тығылған көкөністі тап» **2.Дене шынықтыру (негізгі қимылдар)** 1. Сапқа қайта тұру 2. Тұтас топпен қайта тұру **Қимылды ойын:** «Кім жылдам жинайды?»	**Сөйлеуді дамыту** **Тақырыбы:** Н.Әлімқұловтың «Апорт алма» өлеңі **Мақсаты**: Дауыс ырғағының мәнерлі қарапайым тәсілдерін қолдану. Дұрыс тамақтану, дәрумендер туралы түсініктерін кеңейту, жалпы белгілері бойынша заттарды топтастыруға (жемістер мен азық – түліктер), байланыстырып сөйлеуге үйрету. **Дидактикалық ойын: «Қай жемісті алдың?»**	**Қарапайым математикалық - ұғымдарды қалыптастыру** **Тақырыбы:** «Кеңістікті бағдарлау» **Мақсаты:** Өзіне тікелей жақын кеңістік бағдарын анықтауға үйрету. «Алыс – жақын», «оң және сол» ұғымдарын жетілдіру. **Дидактикалық ойын: «Кім тез?»** **Жаратылыстану** **Тақырыбы:** «Бақшадағы көкөністер»	**Сурет салу** **Тақырыбы:** «Көкөністер» **Мақсаты:** Дөңгелек және сопақша (қияр, қызанақ) заттарды салу икемділіктерін арттыру. **Дидактикалық ойын:** «Жемістер мен көкөністерді ажырат» **Музыка** **Тақырыбы:** «Алтын күзде молшылық» **Мақсаты:** Күзгі өнімдердің дәрумендік	

	3.Дене шынықтыру (негізгі қимылдар) 1. Тұтас топпен қайта тұру 3.1.5-2м қашықтықта допты домалату **Қимылды ойын:** «Алма жинайық, кәнеки!»		**Мақсаты:**көкөністерді тану және олардың атауын білу қабілеттерін дамыту; бау-бақша дақылдарын өсіру туралы түсініктерін кеңейту. Балалардың ойлау қабілеттерін күшейту **Құрастыру** **Тақырыбы:** Дәрумендер бағы **Мақсаты:** Әр түстегі және пішіндегі бөлшектерден қағазды бүктеу, домалақтау тәсілдерін қолдана отырып үлгі бойынша түрлі жемістерді құрастыру. Балалардың шығармашылығын дамыта отырып, бастаған жұмыстарын ұқыпты аяқтай білуге дағдыландыру **Дидактикалық ойын:**«Бауда ма, бақта ма?»	пайдасы туралы әңгімелеу. Әуенге сай қимыл жасауға дағдылану **Ән тыңдау:** «Күз келгенде» Ж.Қалжанова **Ән айту:** «Болайықшы осындай» А.Меңжанова **Әуенді ырғақты қимыл, ойын:**«Жапырақтарды кім тез жинайды?» Қимылды ойын **Музыка** **Тақырыбы:** «Алтын күзде молшылық» **Мақсаты:** Күзгі өнімдердің дәрумендік пайдасы туралы әңгімелеу. Әуенге сай қимыл жасауға дағдылану **Ән тыңдау:** «Күз келгенде» Ж.Қалжанова **Ән айту:** «Болайықшы осындай» А.Меңжанова **Әуенді ырғақты қимыл, ойын:**«Жапырақтарды кім тез жинайды?» Қимылды ойын	
3– апта «Өзіне және өзгелерге көмектес»	**1.Дене шынықтыру (негізгі қимылдар)** 1. 1.5-2м қашықтықта допты домалату 2.Биіктігі 40 см доғаның астынан еңбектеу **Қимылды ойын:** «Мысық пен	**Сөйлеуді дамыту** **Тақырыбы:** «Анама көмек» **Мақсаты:** Балалардың сөйлеу тілін, заттардың қасиеті мен сапасын білдіретін сөздермен байыту. Өзіне және айналасындағы адамдарға көмек көрсету дағдыларын жетілдіру. **Дидактикалық ойын:**	**Қарапайым математикалық - ұғымдарды қалыптастыру** **Тақырыбы:** «Жалаушалар» **Мақсаты:** Шама бойынша заттардың әртүрлі болатыны туралы түсінік беру, «жоғары», «төмен», «бірдей» ұғымдарымен таныстыру. **Дидактикалық ойын:**	**Сурет салу** **Тақырыбы:** «Қоянға көмектес» **Мақсаты:** Ойлауы бойынша сурет салу. Саусақпен салу әдісін пайдалана отырып сәбіздің суретін салдырту. Дәстүрден тыс сурет салу дағдыларын	

	торғайлар » **2.Дене шынықтыру (негізгі қимылдар)** 1. Биіктігі 40 см доғаның астынан еңбектеу 2.Допты бір біріне беру **Қимылды ойын:** «Түлкі мен балапандар» **3.Дене шынықтыру (негізгі қимылдар)** 1. Допты бір біріне беру 2.Биіктігі 5-10 см зат арқылы жерде жатқан шеңберге секіру **Қимылды ойын:** «Қасқыр мен қоян»	«Тәрелкесіне қарай кесесін таңда» **Көркем әдебиет** **Тақырыбы:** Л.Н.Толстойдың «Үш аю» ертегісі **Мақсаты:** Ертегілерді ойнауға және сахналауға ынталандыру.Тақырыпқа сәйкес ертегі оқып беріп, оның мазмұнын түсінуге, кейіпкерлерге, оқиғаларға өзінің көзқарастарын білдіруге үйрету. **Дидактикалық ойын: «Қай аңның үйшігі?»**	**«Биік, аласа!»** **Жаратылыстану** **Тақырыбы: «**Жәндіктер – кішкентай көмекшілер» **Мақсаты:** Жәндіктердің бәрі тірі жан иесі деген түсінік қалыптастыру: олар да тыныс алады, қозғалады, тамақтанады. Қарапайым тәжірибелік-зерттеу жүргізе білу қабілеттерін қалыптастыру. Табиғат әлеміне мейірімді болуға үйрету. **Дидактикалық ойын:** «Дұрыс,бұрыс!»	қалыптастыру. ***Дидактикалық ойын: «Менің ізі?»*** **Музыка** **Тақырыбы: «Елгезек болып өсеміз»** **Мақсаты:** Өзара көмекке, сыйластыққа, әдептілікке тәрбиелеу. Ырғақты сезіне, дәл қайталауға үйрету **Ән тыңдау:** «Не деу керек?» Ө.Байділдаев **Ән айту:** «Мен бақшаға барамын» Т.Тайбеков **Әуенді ырғақты-қимыл, ойын:** «Балақан мен алақан» Е.Хасанғалиев **Мүсіндеу** **Тақырыбы:** «Менің сүйікті жемісім» **Мақсаты:** Созу тәсілдерін пайдалана отырып, элементтерді қарапайым заттарға біріктіру және ыдыстағы жемістерді мүсіндеуге үйрету. Таза, ұқыпты орындауға қол жеткізу. **Дидактикалық ойын: «Қайсысы артық?»**	

4 – апта «Біз күштіміз,ептіміз»	**1.Дене шынықтыру (негізгі қимылдар)** 1. Биіктігі 5-10 см зат арқылы жерде жатқан шеңберге секіру 2.Допты екі қолымен көкірек тұсынан кері лақтыру **Қимылды ойын:** «Қапшықпен секіру» **2.Дене шынықтыру (негізгі қимылдар)** 1 Допты екі қолымен көкірек тұсынан кері лақтыру 2.Биіктігі 20 см еніс тақтай бойымен жүру **Қимылды ойын:** «Допты кім қағып алады?» **3. Дене шынықтыру «Дені саудың –жаны сау»- спорттық сайыс**	**Сөйлеуді дамыту** **Тақырыбы:** «Кім күшті?» ертегісі **Мақсаты:** жанауарлардың атауларын білдіретін сөздерді сөздердің түрлі тәсілдермен жасалуын, зат есімдерді жекеше және көпше түрде қолд дағ жетілдіру **Дидактикалық ойын**: «Күштілерді тап»	**Қарапайым математикалық - ұғымдарды қалыптастыру** **Тақырыбы:** «Көңілді көжектер мен қонжықтар» **Мақсаты:** Шама бойынша заттардың әртүрлі болатыны туралы түсінік беру, ұзындығы мен ені бойынша екі қарама – қарсы бірдей заттарды салыстыруға үйрету. **Дидактикалық ойын: «Дұрыс орналастыр»** **Жаратылыстану** **Тақырыбы:** «Жабайы аңдар» **Мақсаты:** Жабайы аңдардың тіршілік ететін аумағы туралы түсіндіре отырып, бұл аңдардың (күшті, сақ, епті) қасиеттері туралы түсіндіру. Жабайы жануарларды танып, атай білу және сыртқы ерекшеліктерін ажырата білу дағдыларын жетілдіру **Жануарлар туралы бейнефильм көру**	**Сурет салу** **Тақырыбы:** «Ұзын құлақ сұр қоян» **Мақсаты:** Әртүрлі тәсілдерді қолдана отырып ақ қағаз бетіне бейнені тұтас орналастыра білуге үйрету **Дидактикалық ойын:** «Қоянды құрастыр» **Музыка** **Тақырыбы:** «Болайықшы осындай» **Мақсаты:** Жақсы әдетке, өз-өзіне сенімділікке тәрбиелеу. Әуенге сай қимыл жасауға дағдыландыру **Ән тындау:** «Біз осылай өсеміз» Ю.Чичков **Ән айту:** «Мен бақшаға барамын» «Атжарыс» Қ/О **Аппликация** **Т:** «Ойын алаңындағы саты» **Мақсаты:** Дайын пішіндерден заттардың бейнесін жасауға үйрету. Ересектер даярлаған ірі және ұсақ элементтерге желімді жағып, қиылған кесінділерді қағаз бетіне дұрыс орналастыру дағдыларын жетілдіру. **Д/о:** «Қай аң күшті?»	

Желтоқсан айы 2020-2021 жыл кіші топ

Өтпелі тақырып «Менің Қазақстаным!»

Мақсаты: Балалардың бойында отансүйгіштік сезімдерін қалыптастыра отырып, туған елін, жерін құрметтеуге тәрбиелеу; рухани-адамгершілік қасиеттерге баулу

. Денсаулықты нығайтуға ықпал ете отырып, тілді игеру және комуникативтік дағдыларын дамыту, қоршаған ортаның біртұтастығы туралы білімдерін жағымды мінез құлық негіздерін қалыптастыру.

Міндеттері:

- Дене жаттығуларына қызығушылықтарын арттыру негізінде балалардың салауатты өмір салты туралы түсініктерін жетілдіру;
- Қоршаған әлеммен өзара іс – қимыл жасау үшін қажетті танымдық әрекеттің қарапайым дағдыларын қалыптастыру;
- Көрнекі-қимылдық ойлау дағдыларын және музыкалық қабілеттерін дамыту;
- Үлкендерді құрметтеуге тәрбиелеу отырып, өз Отаны мен отбасына деген сүйіспеншілік сезімдерін ояту;

Тақырып шалар	**Денсаулық-3** Дене шынықтыру -3	**Қатынас-1** Сөйлеуді дамыту-0,5 Көркем әдебиет-0,5	**Таным-2** Жаратылыстану-1 Құрастыру-0,5 Сенсорика-0,5	**Шығармашылық-3** Сурет салу-1 Музыка-1,5 Мүсіндеу -0,25 Аппликация-0,25	**Әлеумет-0**
1-апта «Тарихқа саяхат»	**1.Дене шынықтыру (негізгі қимылдар)** 1. Биіктігі 20 см еніс тақтай бойымен жүру 2. Құм салынған қапшықты лақтыру **Қимылды ойын:** «Астана көшелеріндегі кедергілерден өт» **2. Дене шынықтыру (негізгі қимылдар)** 1. Құм салынған қапшықты лақтыру 2. Қапшық арасымен жүру **Қимылды ойын:** «Кім алысқа лақтырады?» **3.Дене шынықтыру**	**Сөйлеуді дамыту** **Тақырыбы:** «Менің қалам» (байланыстырып сөйлеу) **Мақсаты:**Сурет бойынша әңгіме құрастыруға үйрету.Сөйлеу мәдениетін жетілдіре отырып байланыстыра сөйлеуге тәрбиелеу. Өз қаласының көрікті жерлерін атай білуге талпындыру. **Дидактикалық ойын:** «Қаламыздың көрікті жерлерін атайық» **Көркем әдебиет** **Тақырыбы:** Ө.Тұрманжановтың «Туған	**Қарапайым математикалық - ұғымдарды қалыптастыру** **Тақырыбы:** «Көңілді балалар» **Мақсаты:** Өзінің дене бөліктерін (басы, денесі, қолдары,аяғы) бағдарлауға және атауға үйрету. Өзінің дене бөліктерінің орналасу бағдарын білуге үйрету. «жоғары», «ортасында», «төмен» ұғымдарымен таныстыру. **Дидактикалық ойын: «Бәйтеректі сипатта»** **Жаратылыстану** **Тақырыбы:** «Тас пен құм сыры»	**Сурет** **Тақырыбы:** «Ескі құмыра» **Мақсаты:** Ою өрнектерді орналастыру дағдыларын қалыптастыру. Берілген пішіннің сұлбасынан шықпай ашық түстерді үйлесімді пайдалана отырып, құмыраны безендіру. **Бейнефильм арқылы мұражайдағы тарихи орындармен таныстыру** **Музыка** **Тақырыбы:** «Жайнай бер, Қазақстаным!» **Мақсаты:** Қазақстан	

	(негізгі қимылдар) 1.Қапшық арасымен жүру 2.Допты жоғары лақтырып қағып алу **Қимылды ойын:** «»Бәйтерекке» кім тез жетеді?»	өлке» өлеңі **Мақсаты:** Туған жер, Отан туралы түсініктерін кеңейту. Тақырыпқа сәйкес тақпақ оқып бере отырып, оның интонациясын қабылдауға, тақпақты жатқа айтуға үйрету. **Дидактикалық ойын:** «Суреттегі көрікті жерлерді ата»	**Мақсаты:** Балаларға өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін кеңейту. Табиғи материалдардың қасиеттерін (құм шашылады, құмнан ыдыс жасауға болатынын) түсіндіру. **Дидактикалық ойын:** «Құм қалаға саяхат » **Құрастыру** **Тақырыбы: «Көне торсық»** **Мақсаты:** Қазақтың ұлттық ыдыстарымен таныстыру.Түрлі құрастыру тәсілдерін қолдана отырып,торсықтың бейнесін жасату. **Дидактикалық ойын:** «Бөліктерін тап»	еліміздің кешегісі мен бүгінінен қысқаша мағлұмат беру. Қысқы әндерге қызығушылық ояту. **Ән тыңдау**: «Гүлжазира Қазақстан» И.Нүсіпбаев **Ән айту:** «Ақша қар» К.Қуатбаев **Әуенді-ырғақты қимыл, ойын:** «Аққалалар биі» **Музыка** **Тақырыбы:** «Жайнай бер, Қазақстаным!» **Мақсаты:** Қазақстан еліміздің кешегісі мен бүгінінен қысқаша мағлұмат беру. Музыка сипатына сай қимылдау іскерліктерін дамыту **Ән тыңдау:** «Гүлжазира Қазақстан» И.Нүсіпбаев **Ән айту:** «Ақша қар» К.Қуатбаев **Әуенді-ырғақты қимыл, ойын:** «Аққалалар биі»	

2- апта «Туған өлкем»	**1.Дене шынықтыру (негізгі қимылдар)** 1. Допты жоғары лақтырып қағып алу 2.40 см биіктіктегі доғаның астынан еңбектеу **Қимылды ойын:** «Чемпиондар» **2.Дене шынықтыру (негізгі қимылдар)** 1. 40 см биіктіктегі доғаның астынан еңбектеу 2.Биіктігі 25 см еніс тақтай бойымен жүру. **Қимылды ойын:** «Альпинистер» **3.Дене шынықтыру (негізгі қимылдар)** 1. Биіктігі 25 см еніс тақтай бойымен жүру 2.Орындық аяқтары арасымен еңбектеу **Қимылды ойын:** «Ирек жолдар»	**Сөйлеуді дамыту** **Тақырыбы:** «Қызылордам – туған қалам» **Мақсаты:** Туған өлке, оның табиғаты, айналасындағы заттар туралы түсініктерін кеңейту. Қоршаған орта туралы сұрақтар қоюға үйрету. **Дидактикалық ойын:** «Қала көшелерін аралайық»	**Қарапайым математикалық - ұғымдарды қалыптастыру** **Тақырыбы:** «Уақытты бағдарлау» **Мақсаты:** Тәулік бөліктерін атау-таңертең, күндіз, кеш, түн . Күн шуағын пайдалана отырып балаларға тәулік бөліктерін тануға және атауға үйретуді жалғастыру. **Дидактикалық ойын:** «Ауылға қонаққа барайық» **Жаратылыстану** **Тақырыбы:** «Біздің өлкенің құстары» **Мақсаты:** Балаларды құстардың сыртқы келбетімен таныстыру. Тануға, білуге деген құштарлығын дамыту. Балаларды қайырымды болуға, құстарға көмектесуге (жем шашу) баулу. **Дидактикалық ойын:** «Суықторғайды құрастыр» танграмм ойыны **Құрастыру** **Тақырыбы:** «Қаладағы көпірлер» (құрылыс материалдарынан құрастыру) **Мақсаты:** Құрылыс	**Сурет салу** **Тақырыбы:** «Зымыран» (Ойлауы бойынша) **Мақсаты:**.Балаларға геометриялық пішіндерді үйлестіре сала отырып, түстерін сәйкестендіріп бояуға үйретуді жалғастыру **Дидактикалық ойын:** «Туған өлкенің жануарлары» **Музыка** **Тақырыбы:** «Туған қаламызды сүйеміз» **Мақсаты:** Туған қаласындағы оң өзгерістерге назар аударту, сүйіспеншіліктерін қалыптастыру. Қарапайым би элементтерін еркін орындауға үйрету **Ән тыңдау:** «Қызылорда-туған жерім» (2-бөлім) Б.Жұмабекова **Ән айту:** «Аққала» Б.Дәлденбаев **Әуенді-ырғақты қимыл, ойын:** «Көңілді ырғақ» ойыны (2+ әдістемелік жинағынан) **Музыка** **Тақырыбы:** «Туған қаламызды сүйеміз» **Мақсаты:** Туған қаласындағы оң өзгерістерге назар аударту, сүйіспеншілік-	

	терендікке секіру 2.Көлденең нысанаға лақтыру **Қимылды ойын:** «Астанаға тез жет»	**Дидактикалық ойын:**«Бұл қай жер?»	**Дидактикалық ойын:** «Океанариумдағы балықтар»	**ойын:** «Биге шақыру» А.Тоқсанбаев **Мүсіндеу** **Тақырыбы:** «Ұшақтар» **Мақсаты:** балаларды домалақтау , есу тәсілдері арқылы 2-3 бөліктен тұратын заттардың мүсінін жасауды үйрету. **Дидактикалық ойын:** «Ұшады, жүзеді, жүреді»	
4 – апта **«Тәуелсіз Қазақстан (ҚР тұңғыш президенті, мемлекеттік рәміздер)»**	**1.Дене шынықтыру (негізгі қимылдар)** 1.Көлденең нысанаға лақтыру **2.**Бір аяқтан бір аяққа секіру **Қимылды ойын:** «Жалаушаға қолымызды жеткізейік» **2.Дене шынықтыру (негізгі қимылдар)** 1. Бір аяқтан бір аяққа секіру 2. Биіктігі 30 см еңіс тақтай бойымен жүру **Қимылды ойын:** «Метро» **3.«Біз кішкентай спортшылармыз» -** спорттық іс-шара	**Сөйлеуді дамыту** **Тақырыбы:** «Тәуелсіз – Қазақстан!» **Мақсаты:** Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті, мемлекеттік рәміздер туралы түсініктерін кеңейту. Берілген сұрақты тыңдау және оны түсіне білуді жетілдіру. **Дидактикалық ойын**:«Суретте не бейнеленген?»	**Қарапайым математикалық - ұғымдарды қалыптастыру** **Тақырыбы:** «Жалаушалар» **Мақсаты:** Біртекті заттардан топтар құрастыру және оның біреуін топтан бөлуді бекіту. **Дидактикалық ойын:** **«Түсіне қарай топтастыр»** **Жаратылыстану** **Тақырыбы:** «Қағаз бен мата» Қағаз бен матаның қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру. Қарапайым тәжірибелік-зерттеу жүргізе білу дағдыларын жетілдіру. Қоршаған ортадағы заттарға, ересектердің еңбегіне құрметпен қарауға үйрету. **Бейнефильм көру**	**Сурет салу** **Тақырыбы:** «Менің елім Қазақстан» (заттық сурет салу) **Мақсаты:** Әртүрлі тәсілдерді қолдана отырып тудың суретін салуды үйрету. Лайықты бояуды таңдай білуге, бояу түстерін ауыстырып пайдалануға тәрбиелеу. **Дидактикалық ойын:** **«Көңілді бояулар»** **Музыка** **Тақырыбы:** «Менің Қазақстаным» **Мақсаты:** Балалардың Қазақстан, тәуелсіздік туралы ұғымдарын қалыптастыру. Жалаушалар пайдалана отырып ырғақпен қозғалуға баулу. **Ән тыңдау:** «Біз - туған ел баласы» К.Қуатбаев	

				Ән айту: «Менің Отаным» Б.Ғизатов **Әуенді-ырғақты ойын:** «Жалаушалармен жаттығу жасаймыз» **Аппликация** **Тақырыбы:** «Бәйтерек» **Мақсаты:** Бәйтеректің бөліктерін қағаз бетіне жапсыруды, желім қалдықтарын қағаз майлықпен сүртуді үйрету. **Дидактикалық ойын:** «Адасқан суреттер»	

Кіші топ 2020 -2021 жыл қаңтар айы
Өтпелі тақырып «Табиғат әлемі»

Мақсаты: Балалардың тірі және өлі табиғат заттары мен құбылыстары, маусымдық өзгерістер, өсімдіктер, жануарлар, жәндіктер туралы білімдерін кеңейту. Тілді игеру және коммуникативтік дағдыларын қалыптастыра отырып, эстетикалық талғамдарын дамыту, қоршаған ортаға ұқыпты қарауға тәрбиелеу

Міндеттері:

- Балалар денсаулығын сақтау және нығайту шараларын жетілдіру;
- Қарым – қатынас мәдениетіне тәрбиелеу;
- Қарапайым байланыстар туралы білімдерін байыту;
- Туған өлкенің өсімдіктері, құстары, жануарлары , олардың өздеріне тән белгілері туралы білімдерін кеңейту;
- Өзгенің еңбегіне құрметпен қарауға тәрбиелеу.

Тақырыпша	**«Денсаулық»-3** Дене шынықтыру -3	**Коммуникация-1** Сөйлеуді дамыту-0,5 Көркем әдебиет -0,5	**Таным- 2** Жаратылыстану-1 Құрастыру-0,5 Сенсорика -0,5	**Шығармашылық- 3** Сурет салу-1, Музыка – 1,5 Мүсіндеу-0,25 Аппликация-0,25,	**Әлеумет-0**
Айналамыздағы өсімдіктер (I-апта)	**1.Дене шынықтыру (негізгі қимылдар)** 1.Биіктігі 30 см еніс тақтай бойымен жүру 2. Белгі бойынша тоқтап жүру **Қимылды ойын:** «Шырмауық» **2.Дене шынықтыру (негізгі қимылдар)** 1. Белгі бойынша тоқтап жүру 2. Орындықтан секіру **Қимылды ойын:** «Аралар мен гүлдер» **3.Дене шынықтыру (негізгі қимылдар)**	**Сөйлеуді дамыту** **Тақырыбы:** «Шырша» өлеңі Е. Өтетілеуұлы **Мақсаты:** Тілдегі дыбыстарды дұрыс айта білу және зейін қойып тындау дағдыларын бекіту. Жаңа тақпақ жолдарының мағынасын түсіндіру **Дидактикалық ойын:** «Таңғажайып орман» **Көркем әдебиет** **Тақырыбы:** «Қысқы баспана» **Мақсаты:** ертегі мазмұнын	**Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру** **Тақырыбы:** «Жоғарыда-төменде» **Мақсаты:** Өзіне тікелей жақын кеңістік бағдарын анықтау, кеңістікте орналасу бағытын ажыратып, атап көрсету қабілеттерін бекіту **Дидактикалық ойын:** «Лото» (өсімдіктер карточкасы) **Құрастыру** **Тақырыбы:** «Қардан қора» **Мақсаты:** Қағазды шиыршықтау тәсілдерін	**Сурет салу** **Тақырыбы:** «Қар жамылған ағаштар» **Мақсаты:** Шығармашылық қабілеттері мен қиялдарын дамыта отырып, қыс мезгіліндегі қар жамылған ағаштарды бейнелеу қабілеттерін анықтау. Түстерді ретімен пайдаланып күрделі емес сюжеттік композициялар құрастыра білу дағдыларын бекіту **Дидактикалық ойын:** «Жыл мезгілі» **Музыка** **Тақырыбы:**«Жасыл	

	1. Орындықтан секіру (15 см биіктік) **2.** Әр түрлі бағытта жүгіру. (10 м қашықтық) **Қимылды ойын:** «Гүлдерді терейік»	түсіну және кейіпкерлерді ойнағанда мінез-құлқын бере білу дағдыларын бекіту. Оқиғаны эмоционалды қабылдауға үйретуді жалғастыру **Дидактикалық ойын:** «Қайда бардым, не көрдім?»	пайдалана отырып қора құрастыруға үйрету. Құраған заттың бөлшектерінің өлшемдерін үйлестіре білу дағдыларын бекіту **Дидактикалық ойын:** «Шыршаны құрастыр» **Жаратылыстану:** **Тақырыбы:** «Бөлме өсімдіктерін күту» **Мақсаты:** Балалардың бөлме гүлдері және олардың түрлері мен айырмашылықтары туралы түсініктерін бекіту. Өсімдіктерді суаруды үйрету. Өсімдіктерге күтім жасауға деген құштарлықтарын ояту	шырша жанында» **Мақсаты:** Мерекелік көңіл – күй сыйлай отырып, белгілі әуенге қимылдар жасау қабілеттерін анықтау. Музыканы тыңдап, сезіну дағдыларын бекіту **Ән тыңдау:** «Жасыл шырша жанында» К.Қуатбаев **Ән айту**:«Шамшырақтар» А.Матмен **Әуенді-ырғақты қимылдар, ойындар:** «Ұлпа қарлар» биі	
2-апта «Жануарлар әлемі»	**1.Дене шынықтыру (негізгі қимылдар)** **1.** Әр түрлі бағытта жүгіру. (10 м қашықтық) 2.Үлкен допты екі қолмен арқаннан асыра лақтыру (1,5 м қашықтықта) **Қимылды ойын:** «Аңдардың жүрісін сал» **2.Дене шынықтыру (негізгі қимылдар)** 1. Үлкен допты екі қолмен арқаннан асыра лақтыру (1,5 м қашықтықта) 2.Жылдам қарқында	**Сөйлеуді дамыту:** **Тақырыбы:** «Ерке төлдер» **Мақсаты:** Үй жануарлары туралы қысқа әңгіме құрастыра отырып, жануарлардың төлдерінің аттарын жекеше, көпше түрде атай білу қабілеттерін анықтау. Тілдегі дыбыстарды дұрыс айта білу дағдыларын бекіту **Дидактикалық ойын:** **«Даусынан таны»**	**Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру** **Тақырыбы:** « Алыс-жақын» **Мақсаты:** Заттардың суреттегі және кеңістіктегі бағыттарын ажыратып, атай білулерін, жоғарыда – төменде, алыста-жақында ұғымдарын меңгеру дағдыларын бекіту **Дидактикалық ойын:** «Әрқайсысының өз үйі бар» **Жаратылыстану:** **Тақырыбы:**«Аңдар қысқа	**Музыка** **Тақырыбы:**«Жасыл шырша жанында» **Мақсаты:** Мерекелік көңіл – күй сыйлай отырып, белгілі әуенге қимылдар жасау қабілеттерін анықтау. Музыканы тыңдап, сезіну дағдыларын бекіту **Ән тыңдау:** «Жасыл шырша жанында» К.Қуатбаев **Ән айту**:«Шамшырақтар» А.Матмен	

